

**8D10110 - «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша
философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Трушева
Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген
және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік
бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін
бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына
отандық ғылыми кеңесшінің**

ШІКІРІ

Жүрек-қан тамыр ауруларының ішінде миокард инфаркты - қазіргі таңда әлемдегі ең маңызды медициналық-әлеуметтік мәселелердің бірі болып қала береді. Бұл патологияның кең таралуы және өлім-жітім құрылымындағы жоғары үлесі қоғам үшін де, денсаулық сақтау жүйесі үшін де үлкен қауіп төндіреді. Миокард инфарктынан кейінгі кезеңде науқастарды оңалту олардың өмір сүру сапасын қалпына келтіруде, еңбекке қайта араласуында және қайталама асқынулардың алдын алуда шешуші рөл атқарады. Жүрек оңалтуы бағдарламасына қатысу миокард инфарктынан кейінгі қайталама миокард инфарктының жиілігін және өлім-жітімді төмендететіні анық. Қазақстанда кардиореабилитация саласының жеткіліксіз дамығанын ескерсек, модульдік бағдарлама әзірлеу мен оны клиникалық тұрғыдан бағалау дер кезінде қолға алынған және стратегиялық маңызы зор бастама болып табылады.

Докторант зерттеу барысында проспективті аралас зерттеу дизайнын негізге алып, халықаралық талаптарға сай әдіснамаларды қолданған. Бағдарлама құрылымы көпсалалы тәсілге сүйеніп, біріншілік бағалау, физикалық қалпына келтіру, психоэмоционалдық қолдау, тамақтануды түзету, білім беру, қауіп факторларын басқару және дәрілік терапия модульдерінен құралған. Әдістер ретінде функционалдық жүктемелерді бағалау (метаболикалық эквивалент, оттегіні максималды тұтыну, жаттығу ұзақтығы), психоэмоционалдық сауалнамалар, өмір сүру сапасын анықтау әдістемелері және заманауи статистикалық талдау тәсілдері қолданылған.

Зерттеу нәтижелері модульдік бағдарламаның клиникалық тиімділігін нақты дәлелдеді. Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда физикалық төзімділік айтарлықтай жақсарғаны байқалды. Бұл ең алдымен 6 минуттық жүру тесті нәтижелері арқылы расталды: оңалту курсы аяқтағаннан кейін науқастардың жүру қашықтығы едәуір артты, бұл олардың функционалдық мүмкіндігінің кеңейгенін көрсетті. Сонымен қатар, оттегіні максималды тұтыну деңгейі жоғарылап, жаттығу ұзақтығы ұзарып, жалпы төзімділік көрсеткіштері жақсарды. Психоэмоционалдық жағдайдағы оң өзгерістер сауалнама нәтижелері мен клиникалық бақылаулармен дәлелденді. Сиэтлдік стеноардия сауалнамасы бойынша өмір сүру сапасының жақсаруы оңалтудан кейін ғана емес, 3 айлық және 6 айлық бақылау кезеңдерінде де тұрақты түрде

сақталды. Бағдарламаға енгізілген білім беру модулі науқастардың дәрілік терапияға адалдығын арттырып, ем нәтижелілігін күшейтті. Барлық алынған деректер заманауи статистикалық өңдеу әдістерімен талданып, олардың сенімділігі толық дәлелденді.

Диссертант зерттеудің барлық кезеңдеріне – деректер жинау, мәліметтерді өңдеу, нәтижелерді талдау, қорытынды жасау және модульдік бағдарламаны әзірлеуге – тікелей қатысқан. Ол деректерді өз бетінше жинап, статистикалық талдау жүргізіп, алынған нәтижелерді халықаралық әдебиетпен салыстырған. Зерттеу ауқымы жеткілікті және дербес еңбектің айқын көрінісін береді.

Трушева Қымбат Саматқызы диссертациялық зерттеуін орындау барысында өзін жауапкершілігі жоғары, мақсатқа ұмтылған және ғылыми адалдық қағидаттарын толық сақтайтын зерттеуші ретінде көрсетті. Ол қойылған ғылыми міндеттерді жүйелі түрде шеше отырып, жұмыс барысында табандылық пен ізденімпаздық танытты. Докторант жұмысты орындау барысында ғылыми әдебиеттермен терең жұмыс істеп, отандық және шетелдік дереккөздерді саралап, оларды зерттеу нәтижелерімен салыстыра білді. Ол теориялық білімін практикалық тәжірибемен үйлестіріп, ғылыми тұжырымдарды нақты дәлелдермен негіздеді. Мұндай ғылыми тәсілдеме оның дербес ғылыми ойлау қабілетінің қалыптасқанын айғақтайды. Диссертация барысында автордың деректер жинаудан бастап нәтижелерді талдауға, қорытынды жасауға дейінгі барлық кезеңдерге тікелей қатысуы оның жеке үлесінің ауқымдылығын көрсетеді. Сонымен қатар, ғылыми жұмысты ұйымдастыру, жоспарлау және нәтижелерін көпшілік алдында ұсыну тәжірибесін меңгерді. Ол халықаралық және республикалық деңгейдегі конференцияларда баяндама жасап, ғылыми қауым тарапынан оң пікірге ие болды. Жарияланған мақалалары мен тезистері оның ғылыми ойлау мәдениетінің жоғары екенін көрсетеді. Зерттеу барысында жинақтаған тәжірибесі оған болашақта дербес зерттеулерді жүзеге асыруға мүмкіндік береді. Трушева Қ.С. өзін кәсіби деңгейі жоғары, ғылыми ортада еркін бағдарлана алатын, жауапкершілікті сезінетін және ғылыми этика қағидаттарын қатаң ұстанатын жас ғалым ретінде көрсетті. Оның ғылыми құзыреттілігі, зерттеушілік қабілеті мен тәжірибесі диссертациялық жұмыстың сапасынан айқын көрінеді және болашақта табысты ғылыми қызмет атқаруға толық негіз қалайды.

Жоғарыда баяндалғандарды ескере отырып, Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы өзектілігі жоғары, ғылыми жаңалығы мен практикалық маңызы бар толыққанды аяқталған еңбек болып табылады. Жұмыс мазмұны, құрылымы және сапасы бойынша диссертацияға

қойылатын талаптарға сәйкес келеді және 8D10110 – «Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша Диссертациялық кеңеске ресми түрде қорғауға ұсынылатын толық аяқталған ғылыми жұмыс деп санаймын.

Ғылыми кеңесші,

медицина ғылымдарының докторы,

профессор А.К. Баймағамбетов



Қ.А. ЯСАУИ АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ
ҚАЗАҚ-ТҮРІК УНИВЕРСИТЕТІ
ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНАН КЕЙІНГІ МЕДИЦИНАЛЫҚ
БІЛІМ БЕРУ ФАКУЛЬТЕТІ

ШЫҒЫС № _____

« _____ » _____ 20 _____ жыл